Жаңа оқу жылдарыңызбен!

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

QAZAQ ÚNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№28 (1737)
3 қыркүйек
2019 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

КОНСТРУКТИВНЫЙ ДИАЛОГ

В КазНУ им. аль-Фараби состоялось обсуждение Послания Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана».

Ректор университета академик Галым Мутанов подчеркнул, что в Послании Главой государства поставлены конкретные задачи по дальнейшему поступательному развитию экономики страны, решению социальных проблем и улучшению благосостояния народа. Особое внимание уделено вопросам обеспечения условий для качественного роста человеческого капитала, повышения конкурентоспособности высшего образования, расширения возможностей для талантливой молодежи, особенно из сельской местности, для получения образования в отечественных и зарубежных вузах, реализации программы «С дипломом – в село», трудоустройства выпускников и др.

Выступающими было отмечено, что коллектив КазНУ им. аль-Фараби целенаправленно работает над решением этих важных задач и добивается положительного результата. Последовательно проводя стратегию трансформации в исследовательский университет КазНУ в международном рейтинге QS World University Rankings первым из вузов Центральной Азии занял 207 место среди лучших вузов мира.

Число обучающихся за последние пять лет увеличилось практически в два раза, достигнув более 25 тыс. человек, большая часть из которых обладатели знака «Алтын белгі», победители международных и республиканских олимпиад.

Одним из основных принципов академической политики университета является ориентация на непрерывную практическую подготовку обучающихся, позволяющую формировать необходимые профессиональные навыки, начиная с первого года обучения. Факультеты университета обеспечивают постоянную связь с рынком труда посредством Советов работодателей, которые формируются из числа выпускников факультета.

За последние пять лет в КазНУ проведено 23 ярмарки вакансий с участием более 700 компаний-работодателей, которые посетило более 20 тыс. выпускников. В 2019 году университет запустил информационный портал трудоустройства - первую электронную площадку «Молодежь и карьера» для взаимодействия выпускника и работодателя.

В Послании уделено внимание развитию массовой физической культуры среди молодежи. В этом направлении для студентов в КазНУ созданы все условия, действуют спорткомплекс и более 30 спортивных секций. Университет является бессменным лидером студенческого спорта, воспитал многих чемпионов мира, Олимпийских игр и международных соревнований.

Глава государства в Послании отметил, что следующий 2020 год будет «Годом волонтеров». Волонтерское движение в КазНУ активно работает с 2010 года. В университете создано общественное объединение «Көмек», которое оказывает помощь нуждающимся людям и детям сиротам. Студенты участвуют в проведении различных мероприятий, экологических акциях и благотворительной деятельности.

Следует отметить, что в КазНУ свыше 2 тысяч студентов из социально-уязвимых групп пользуются льготами и скидками на оплату обучения, получают адресную материальную и иную помощь.

По итогам обсуждения на ученом совете КазНУ была принята комплексная дорожная карта по реализации Послания. Она предусматривает выполнение поручений Президента, в том числе по формированию комфортной среды в студенческом кампусе, трудоустройству выпускников, проведению профориентационной работы и профессиональной диагностики школьников, внедрению результатов научных исследований в реальный сектор экономики, созданию наукоемкой продукции и многое другое.

Алия ТУРМАХАНБЕТОВА

ҚЫТАЙДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМНЫҢ КІТАБЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Әлемдегі ең ірі Пекин халықаралық кітап көрмесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановтың «Экономикалық жоспарлау, басқару және бюджеттеудің математикалық әдістері мен модельдері» атты кітабының қытай тілінде тұсаукесері өтті. Монография Жэньминь университетіндегі ҚХР-дің жетекші баспасында жарық көрді.

Бұл шараға ҚКП ОК-нің насихаттау бөлімінің вице-министрі Цзян Цзяньго, Жэньминь университетінің ректоры Лю Вэй, ҚХР-дағы ҚР Елшілігінің бірінші хатшысы Қаламқас Дүзбаева, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, белгілі ғалымдар мен мамандар қатысты.

Жалғасы 2-бетте

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА-ЖАҢА СЕРПІНМЕН!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жаңа оқу жылындағы ректорат мәжілісі PhD дипломдар табыстаумен басталды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы негізінде 2018 жылғы қараша айында «Ғылыми дәрежелер беру ережесі» және «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесіне» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар философия докторы (PhD) дәрежесін жеке үлгідегі дипломдарды өз беттерінше береді. Соған байланысты ағымдағы жылы диссертациялық кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен 18 мамандық бойынша 29 докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Салтанатты марапаттаудан соң әдеттегідей күнтәртібіндегі мәселелер талқыланды. Атап айтар болсақ, 2019-2020 оқу жылындағы ҚазҰУ Академиялық саясатына өзгерістер енгізу туралы. Оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов, QS Worldwide 2019 және SUN Бас ассамблеясына дайындық барысы туралы бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев өз хабарламасымен көпшілікті таныстырды.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

В ДЕЛИ ОТКРЫТ ДОМ АЛЬ-ФАРАБИ

2-стр.

ЫСТАМБҰЛДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ ҮЙІ

3-бет

ҚАЗҰУ ЖАСТАРЫ ӨР АЛТАЙДА

7-бет

В ДЕЛИ ОТКРЫТ ДОМ АЛЬ-ФАРАБИ

В целях реализации государственной программы «Рухани жаңғыру» и основных положений статьи Лидера нации Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» Казахский национальный университет имени аль-Фараби открыл в Дели Дом аль-Фараби. Проект осуществлен КазНУ при поддержке Посольства РК в Индии.

В торжественном открытии дома приняли участие Министр по делам молодежи и спорта Кирен Риджижу, Посол РК в Республике Индия Булат Сарсенбаев, ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Галым Мутанов, представители правительственных и деловых кругов, дипломатических миссий в Индии, университетов, СМИ и общественности.

Открытие Дома аль-Фараби приурочено к празднованию 1150-летия аль-Фараби, которое будет отмечаться под эгидой ЮНЕСКО в 2020 году. Дом расположен в дипломатическом центре Дели и будет базой для сотрудничества Казахстана и Индии в сфере науки, образования и культуры.

Министр по делам молодежи и спорта Риджижу, отмечая динамичное развитие всестороннего плодотворного сотрудничества между двумя странами, высоко оценил весомый вклад КазНУ в укрепление, культурно-гуманитарного партнёрства с Индией. Он выразил уверенность в том, что открытие Дома аль-Фараби будет способствовать усилению взаимовыгодной коллаборации, открывая новые возможности для реализации совместных проектов.

«Открытие Дома аль-Фараби в Индии -знаменательное событие, которое сближает народы наших дружественных стран. В нынешних условиях глобального кризиса, утраты культурных и духовных ценностей, творческое наследие философа цивилизации, его научные мысли приобретают особую актуальность для дальнейшего развития человечества», - отметил, выступая, ректор КазНУ Галым Мутанов.

В Доме посетители смогут ознакомиться с уникальной информацией о жизни и деятельности великого мыслителя Востока Абу Насра аль-Фараби, трудами ученого, внесшего фундаментальный вклад во многие области человеческих знаний. Также здесь можно познакомиться с казахской культурой, традициями и достижениями современного Казахстана.

В ходе мероприятия состоялась презентация книги о Махатме Ганди «Мысли и изречения Ганди», которая была издана в КазНУ им. аль-Фараби на трех языках.

Следует отметить, что КазНУ проводит активную работу по исследованию и популяризации творческого наследия аль-Фараби. В ведущих университетах Турции, Иордании, Италии, Китая, Египта, Болгарии и других стран открыты и успешно действуют 12 научно-образовательных центров аль-Фараби, где пропагандируется бесценное наследие философа, культура и традиции казахского народа, изучается казахский язык.

Сотрудничество ведущего казахстанского университета с партнерами из Индии активно развивается не только в культурно-гуманитарной сфере, но и в области высоких технологий. Примечательно, что первый отечественный наноспутник «Al-Farabi-1», созданный молодыми учеными КазНУ, был запущен с космодрома им. Сатиша Дхавана в Индии.

В ходе визита состоялись встречи ректора КазНУ им. аль-Фараби Г.Мутанова с Национальным координатором Правительства Индии по кибербезопасности генерал-лейтенантом Ражеш Пантом и ректором Делийского университета доктором Югеш Тияджи. Были обсуждены вопросы создания центра и совместной подготовки специалистов по кибербезопасности, разработки научно-инновационных и образовательных проектов по направлениям, представляющих взаимный интерес.

Соб. корр.

ҚЫТАЙДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМНЫҢ КІТАБЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Біз профессор Ғалым Мұтановты Қазақстанның жетекші жоғары оқу орнының басшысы ретінде ғана емес, әлемге танымал ірі ғалым ретінде де білеміз. Бүгін таныстырылып отырған оның ғылыми еңбегі бірнеше тілде басылып, халықаралық деңгейде жоғары баға алған. Енді бұл кітап қытай тілінде жарық көріп отыр. Оның зерттеуінің өзектілігі, инновациялық тәсілі және көп қырлылығы ғылыми қоғамдастық үшін ғана емес, сонымен қатар Қытайдың практиктері мен басшылары үшін де сөзсіз үлкен қызығушылық тудырады», – деп атап өтті Жэньминь университетінің ректоры Лю Вэй. Қазақстандық ғалымға ғылыми жетістіктерінің танылуының белгісі ретінде сертификат табысталды.

Айта кету керек, бұл монография бір кездері экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Джон Нэштің жоғары бағасына ие болған, ол зерттеу нәтижелерін Нобель сыйлығының тағы екі лауреаты Кристофер Симс пен Гарольд Кунның жұмыстарымен салыстырған. Бұған дейін ол әлемдегі ең ірі «Springer Nature» баспасында жарық көріп, ең көп сұранысқа ие кітаптар қатарына кірген. Оны электронды түрде 15 мыңға жуық пайдаланушы жүктеген, бұл ең үздік көрсеткіштердің бірі. Сонымен қатар, Ғ. Мұтановтың ғылыми еңбегі

Web of Science Core Collection жетекші ғылыми жарияланымдарының беделді халықаралық базасына енгізілді.

1986 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Пекин халықаралық кітап көрмесі бүгінде баспа және полиграфиялық индустрия саласындағы жетекші платформаға айналды. Биыл оның жұмысына әлемнің 100 елінен 2,5 мыңнан астам экспонент қатысуда

Көрмеде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспа үйі тарапынан назарға ұсынылған университет ғалымдарының 300-ден аса ғылыми еңбектері көпшіліктің үлкен қызығушылығын тудырды.

Баспасөз қызметі

QYSQA-NUSQA

Qazaq halqynyń uly aqyny, aǵartýshysy Abaı Qunanbaıulynyń 175 jyldyq mereıtoıy qarsańynda El Prezıdenti Qasym-Jomart Kemeluly Toqaev myrza bastaǵan uly aqynnyń óleńderin jatqa oqý estafetasyn ál-Farabı atyndaǵy Qazaq Ulttyq ýnıversıeti óte jaqsy qabyldady.

Estafetany QR Bilim jáne Ǵylym mınıstri Ashat Aımaǵambetovten qabyl alǵan ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ rektory Ǵalymqaıyr Mutanov uly aqynnyń «Kóleńke basyn uzartyp» atty óleńin oqydy.

Osy estafetany ál-Farabı atyndaǵy Qazaq Ulttyq ýnıversıtetiniń stýdentterine, túlekterine joldady.

Tolyǵyraq; https://www.youtube.com/watch?v=6lWEve-OkWY

***

Ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıteti, fılologıa jáne álem tilderi fakúltetinde Oljas Omarhanuly Súleımenovtiń «Etımologıaǵa kirispe» eńbeginiń tusaýkeseri rásimi ótti.

Oqyrmanǵa usynylyp otyrǵan Oljas Súleımenovtiń bul kitaby etımologıaǵa kirispe bolyp tabylady. Birneshe novellalardan turatyn kitapta kóptegen týys jáne týys emes tilderdiń materıaldary negizinde grafıkalyq beınesin qaıta jańǵyrtý arqyly ǵana bilýge bolatyn birqatar sózderdiń etımologıalyq zertteýleri usynylady. Jalpy alǵanda kitap etımologıaǵa qatysty tyń ıdeıalarymen oqyrmannyń qyzyǵýshylyǵyn týdyrady. Ol sóz tarıhy, til tarıhymen aınalysatyn mamandarǵa óte qajet. Sonymen birge jańa etımologıanyń ǵana damýyna emes, tarıhnama, mádenıettaný, geografıa jáne taǵy basqa da bilim salalaryna da yqpal eteri sózsiz. Kitaptyń joǵary oqý oryndarynyń stýdentterine, magıstranttar men doktoranttarǵa, ustazdarǵa, tilshi ǵalymdarǵa berer paıdasy zor.

***

Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ stýdentteri Áıgerim Quralova, Nazerke Nyshanbaı jáne Venera Amanqul Koreı úkimetiniń grantyn jeńip aldy.

Qyzdar Keimyung University jazǵy mektebiniń jumysyna qatysady. Baǵdarlamanyń maqsaty jahandyq qoǵamdy damytýǵa, elder arasyndaǵy dostyq pen yntymaqtastyqty nyǵaıtýǵa úles qosatyn bolashaq kóshbasshylardy anyqtaý bolyp tabylady.

Ekonomıka, saýda jáne bıznesti damytý taqyrybyna arnalǵan jazǵy mektep Ortalyq Azıanyń eń talantty stýdentterin jınaıdy. Olar 5 apta boıy jetekshi Ońtústik Koreıa ýnıversıtetiniń akademıalyq treningterine qatysady.

Keimyung University Ońtústik Koreıanyń ulttyq reıtıngisinde únemi joǵary oryndarǵa ıe. Búgingi tańda joǵary oqý orny Tegý qalasynyń ártúrli aýdandarynda ornalasqan úsh kampýsy jáne18 fakúlteti bar.

***

QazUÝ-da stýdenttik qalashyqtyń aýmaǵyn abattandyrý jumystary jalǵasýda. 18 myń sh. m. joldyń asfálty jańartyldy, 2 myń sh. m. jaıaý júrginshiler trotýary túrli-tústi brýschatkamen tóseldi. Bıylǵy jyly jasyl jelekterdi otyrǵyzýǵa jáne gúlzarlardy bólýge kóp kóńil bólindi. Landshaftyq dızaın boıynsha jumystar 97 paıyzǵa aıaqtaldy.

Qyrkúıek aıynda ótetin QS halyqaralyq forýmyna daıyndyq aıasynda "Ál-Farabı" kitaphanasynda tehnıkalyq qural-jabdyqtardy jańartý jumystary júrgizildi. Ýnıversıtet aýmaǵyndaǵy landshaftyq jumystar jáne "Akvaponıka" sý-saıabaq aımaǵyndaǵy qurylystyń ekinshi kezeńin óndiristik qamtamasyz etý departamenti aıaqtady. Sondaı-aq birqatar ǵımarattardy dekoratıvtik qaptaý júrgizilip, tehnologıalyq park aımaǵynda balamaly energetıka júıesiniń shemalary paıda boldy. Jaqyn arada stýdenttik qalashyqta laıtboks ornatý jáne aqparattyq tasymaldaýshylardy jańartý josparlanýda.

POSCO Asia Fellowship стипендиясына өтініштерді қарастыру 13 қыркүйекке дейін жалғасады

ЫСТАМБҰЛДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ ҮЙІ

Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы негізгі мақсат-міндеттерді жүзеге асыру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркияда әл-Фараби музей-үйін ашты. Жобаны ҚазҰУ Ыстамбұл қалалық әкімдігімен бірлесе отырып, Түркі Кеңесі, ТҮРКСОЙ және Түркиядағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің қолдауымен жүзеге асырды.

Іс-шараның салтанатты ашылуына Ыстамбұл қаласы әкімінің орынбасары Шенгүл Арслан, ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Ыстамбұл университетінің ректоры Махмұд Ак, Түркияның ҚР Елшілігінің және Стамбул қаласындағы ҚР Бас Консулдығының өкілдері, Еуропадағы қазақ диаспорасы, БАҚ және қоғам өкілдері қатысты.

Әл-Фарабидің этнографиялық мұражай-үйінің ашылуы 2020 жылы ЮНЕСКО қолдауымен кең көлемде халықаралық деңгейде аталып өтілетін Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналып отыр. Әл-Фараби музей-үйі – әлемнің туристік орталықтарының бірі – Ыстамбұл шаһарының дәл ортасындағы Түркі Әлемі этнографиялық мұражай-кешенінде орналасқан.

Музей-үй бірнеше бөлімнен тұрады, мұнда Аристотельден кейін адамзаттың Екінші ұстазы атанған ұлы түркі ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірінен алынған деректер мен құнды тарихи мәліметтер берілген. Сонымен қатар, мүсіндік композициялар, тарихи жәдігерлер, ғалымның еңбектері және адамзат ілімінің бірнеше саласына орасан зор үлес қосқан ойшыл туралы материалдар көрініс тапқан.

Әл-Фарабидің мұрасы: математика, филология, химия, биология, астрономия, философия, медицина, логика, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, әдеп сынды ғылымның барлық дерлік салаларын қамтиды. Оның ғылымды жүйелеп жіктеуі әлемдік ғылыми ойдың одан ары дамуына өз әсерін тигізді. Әл-Фарабидің шығармашылық қызметі ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің ренессансына сәйкес келіп, оның еңбектері Батыс пен Шығысты байланыстыратын рухани көпірге айналды.

Қазіргі уақытта өркениеттер қақтығысы шиеленісіп, әлемде деструктивті бағыттағы ұйымдар әрекеттері адамзат өркениетінің дамуына кері әсерін тигізуде. Технологияның қарқындап дамып, мәдени-рухани құндылықтардың әлсіреп, жұтаңдану қаупі бар жаһандану заманында Ұлы ойшылдың дүниетанымы, оның өркениет жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық көзқарастары қоғамымыз үшін өте өзекті болып отыр.

«Түркияда Әл-Фараби үйінің ашылуы, адамзат өркениетінде баға жетпес рөл атқарған Ұлы даланың Ұлы тұлғасының шығармашылық мұрасы арқылы түркі мен қазақ мәдениеті жаһарларын әлемге паш етуге арналған ірі тарихи жасампаз жоба ретінде болашаққа қызмет атқаратын болады», – деді салтанатты шарада ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Музей-үйімен жақын танысу үшін көрермендерге арнайы қызықты экскурсиялық бағдарлама әзірленіп, ал түрік оқушылары үшін мұражай базасында арнайы оқыту-танымдық курсы дайындалған. Әл-Фарабидің есімін иеленіп отырған Қазақ ұлттық университеті, оның шығармашылық мұрасын зерттеп жариялауда, сонымен қатар, әлемдік деңгейде Қазақстан мәдениеті мен Ұлы Даланың жетістіктерін насихаттауда белсенді жұмыс атқарып келеді. Әл-Фарабидің ізгілік қоғамы идеясы негізінде ҚазҰУ инновациялық-технологиялық тұғырнамамен қатар рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген «Университет 4.0» жаңа буын университетінің моделін жасады.

Бұл жобаны ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде таныстырып, осы ұйымның қолдауымен оны халықаралық деңгейде жүзеге асыру ұсынылды. Қазақ ұлттық университеті «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында БҰҰ Өркениеттер альянсымен бірлесіп «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттердің миссиясы» атты халықаралық жобаны жүзеге асыруда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркия, Иордания, Италия, Қытай, Мысыр, Болгария және басқа елдердің жетекші университеттерінде әл-Фарабидің ғылыми-білім беру орталықтарын ашып, табысты жұмыс атқаруда, онда қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі насихатталып, қазақ тілі оқытылуда.

Дәурен МАҚСҰТХАНҰЛЫ

МЕЖДУНАРОДНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ PACT 2019

На базе КазНУ имени аль-Фараби с 19 по 23 августа прошла 15-я международная конференция по параллельным компьютерным технологиям (Parallel Computing Technologies) PaCT 2019. Конференция была организована Институтом вычислительной математики и математической геофизики РАН совместно с партнерами.

В этом году партнерами конференции являются КазНУ, Университет международного бизнеса, Новосибирский государственный университет, Новосибирский государственный технический университет НЭТИ. Материалы конференции публикуются в серии Lecture Notes and Computer Science и индексируются в базе данных Scopus и Web of Science.

На открытии конференции присутствовали проректор КазНУ им. аль-Фараби А.К.Хикметов, президент UIB Д.Ж. Ахмед-Заки, профессор ГНС ИВМиМГ РАН В.Э.Малышкин, представитель компании Springer Nature Казахстан И.А. Александрова.

Проректор КазНУ, приветствуя участников, подчеркнул важность проводимой конференции, так как в настоящее время индустрия нуждается в таких информационных технологиях, которые позволяют проводить обработку данных в реальном времени. В течение последних лет в КазНУ им. аль-Фараби выполняются научные проекты по высокопроизводительным вычислениям, идет подготовка кадров, способных решать задачи на высокопроизводительных платформах.

В работе конференции приняли участие ведущие ученые из Австрии, Франции, Германии, Индии, Ирландии, Италии, Малайзии, Польши, России, Казахстана, Гонконга. На конференции были представлены результаты исследований в области технологий параллельных вычислений, что дает уникальную возможность преподавателям, докторантам и магистрантам ознакомиться с передовыми исследованиями в этой области.

В рамках конференции была проведена молодежная школа, которая поспособствовала магистрантам и студентам получить навыки разработки параллельных программ. Также в ходе конференции прошел мастер-класс от компании Intel по архитектуре процессоров, оптимизации программ и параллельным библиотекам.

Ведущий вуз Казахстана – КазНУ им. аль-Фараби продолжает расширять сотрудничество в сфере высоких технологий с китайскими партнерами. В ходе рабочей поездки делегации КазНУ во главе с ректором академиком Галымом Мутановым в г.Пекин состоялись встречи с представителями известных высокотехнологичных компаний.

СОТРУДНИЧЕСТВО расширяется

Следует отметить, что во время недавнего визита в КазНУ, представители китайского государственного агентства международного сотрудничества и развития дали высокую оценку уровню IT-инфраструктуры и подготовки специалистов, а также научно-исследовательскому потенциалу вуза. Ознакомившись с ходом подготовки объектов для размещения суперкомпьютера и IT-технопарка, они выразили уверенность в успешной реализации проекта.

Накануне визита Президента страны Касым-Жомарта Токаева в Китай делегация КазНУ провела встречу в Пекине по проекту поставки суперкомпьютера, предоставляемого по правительственному гранту КНР. С представителями Министерства коммерции КНР и другими партнерами были обсуждены вопросы расширения научно-технического сотрудничества, а также реализации проекта по созданию на базе казахстанского вуза международного IT-технопарка Альянса университетов Нового Шелкового пути.

Во время встреч в Пекине были обсуждены вопросы реализации проекта по совместной разработке и выпуску высокопроизводительных серверов и систем хранения данных, а также проведения исследований в сфере суперкомпьютерных вычислений и Big data. Успешная реализация таких проектов будет способствовать реализации государственной программы «Цифровой Казахстан» и станет одним из драйверов модернизации экономики и развития сферы наукоемких технологий страны.

Также делегация КазНУ встретилась с представителями Института дистанционного зондирования Земли Академии Наук КНР. Была достигнута договоренность о дальнейшем развитии совместного казахстанско-китайского центра ДЗЗ, открытого в КазНУ, и реализации научно-исследовательских проектов. Уже в новом учебном году магистранты и докторанты начнут проходить научную стажировку в НИИ аэрокосмической информации Академий наук КНР.

Центр по дистанционному зондированию Земли является точечным цифровым проектом университета, его работа направлена на решение широкого спектра прикладных, технологических, научных и образовательных задач. Трансферт и использование передовых цифровых технологий открывают большие возможности для проведения космических съемок местности, исследований в геологии и картографировании, предотвращения ситуаций природного и техногенного характера, мониторинга окружающей среды и многого другого.

Соб. корр.

Отделение иранистики кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения проводит курс повышения квалификации преподавателей персидского языка и литературы

ӘРІПТЕСТІК КЕҢЕЮДЕ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Анталияның ғылым университеті (Түркия) әріптестік туралы меморандумға қол жеткізіп, ол ректорлар - академик Ғалым Мұтанов пен профессор Исмаил Юксектің қолдарымен бекітілді.

Құжат студенттер мен оқытушылардың академиялық алмасуын дамыту, ғылыми тағылымдамадан өту және зерттеу жобаларын жүзеге асыруда ынтымақтастықты көздейді. Тараптар туризм, қонақ үй бизнесі, медицина, заманауи технологиялар және басқа да бағыттардағы әріптестікті дамытуға, сондай-ақ ҚазҰУ-да бірлескен заманауи стоматологиялық орталығын ашуға өзара қызығушылық білдірді. Кездесу барысында туризм және қонақ үй бизнесі мамандықтары бойынша білім алушы ҚазҰУ студенттері Анталия қонақ үйлерінде, сондай-ақ түрік университеті бірлесіп жұмыс істейтін «Rixos» бүкіләлемдік желісінде тәжірибе мен тағылымдамадан өту мүмкіндіктері туралы келісімге қол жеткізілді.

Кездесуде сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов университет көптеген түрік жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынаста екенін атап өтті. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да ірі медициналық-биологиялық кластер қалыптасуда. Бірлескен стоматологиялық орталығын ашу жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы практикалық қадам болып табылмақ және де инновациялық медициналық технологиялар трансфері мен озық тәжірибе алмасуға ықпал етеді деп атап өтті.

Қазақстаннан келген қонақтарды жылы шыраймен қарсы алған профессор Исмаил Юксек әріптестеріне жоғары оқу орнына шақыруды қабыл алғандықтары үшін ризашылығын білдіріп, университеттің қызметі және жетістіктерімен таныстырды. Анталия ғылым университеті кең ауқымды мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің пәнаралық бағдарламаларын ұсынатын Жерорта теңізі аймағындағы белгілі білім беру және зерттеу орталықтарының бірі екенін атап өтті. Исмаил Юксек қазақстандық жетекші университетпен бірлескен жұмыс оң нәтиже беретініне, ал екі жоғары оқу орнының өзара тиімді ынтымақтастығы Қазақстан мен Түркияның достық қарым-қатынастарын нығайтуға өз үлесін қосатынына сенім білдірді.

МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ ЗАЩИТИЛИ ДОКТОРСКИЕ ДИССЕРТАЦИИ

Молодые ученые кафедры печати и электронных СМИ факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби защитили докторские диссертации.

Зарина Буенбаева представила научный труд на тему «Восточный и западный медиапроцесс: традиции, контент и конвергенция». Куралай Мукушева защитила работу «Казахская публицистика начала XX века: национальное мировоззрение и концепт «Дала». Теме «Общественная дипломатия в сети мировых коммуникаций» посвятила свою диссертацию Айгерим Тасилова. Публицистике казахских поэтов и писателей в годы независимости посвящен научный труд Гаухар Жумабековой.

Работы молодых ученых, получивших степень докторов философии по специальности «Журналистика», были высоко оценены экспертами. Таким образом, выпускники завершили учебный год с отличными результатами.

ҚАЗҰУ ГРАНТ БОЙЫНША КӨШБАСШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқу гранттарының саны бойынша еліміздің жоғары оқу орындары арасында көшбасшы болып қала береді. Биыл 5,7 мыңнан астам үздік мектеп түлектері ҚазҰУ-ды таңдап, мемлекеттік білім грантына ие болды. Олардың басым бөлігі «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары.

ҚазҰУ гранттар саны бойынша басқа жоғары оқу орындарынан оқ бойы озық тұр. Саналы әрі үлкен мақсатқа толы талапкердің сапалы білім алуы үшін еліміздегі жетекші оқу орнын таңдауы аталмыш университетке деген жоғары сенімді білдіреді.

ҚазҰУ әлемдегі үздік топ-210 ЖОО-ның қатарында әрі білім, ғылым және инновацияның жетекші орталығы болып табылады. Мұнда әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен әріптестікте қос дипломды білім берудің 70 бағдарламасы жүзеге асырылуда, сондай-ақ ағылшын тілінде оқыту белсенді енгізілуде және болашақта қажетті жаңа мамандықтар да ашылуда.

Талапкерлер жоғары оқу орнындағы актуарлық математика, нанотехнологиялар, геоэкология, интернет заттар және Big Data, киберфизика, робототехникалық жүйелер, фармацевтикалық бизнес технологиясы және басқа да жаңа білім беру бағдарламаларына ерекше қызығушылық танытты. Биыл ҚазҰУ-ға түсуші үміткерлер үшін ҰБТ-дан 100 балдан кем болмау талабы қойылды. Мұндай шешім еліміздің жетекші ЖОО-да білім алуға ниет білдірушілердің санының көптігіне байланысты қабылданды. Сондай-ақ университетке түсетін шетелдік студенттердің де саны айтарлықтай артты. Бұл ҚазҰУ-дың әлемдік білім беру кеңістігіндегі жоғары бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

САРАПШЫЛАР ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БАСҚОСУ

БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс бойынша басқармасының (БҰҰ ЕҚБ) аймақтық өкілі Ашита Миттал ҚазҰУ-ға келген сапары барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықтың ықтимал бағыттары талқыланды.

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев бүгінгі таңда университетте білім беру бағдарламаларының 70%-дан астамы ағылшын тілінде жүзеге асырылатынын атап өтті. ҚазҰУ БҰҰ және оның құрылымдық бөлімшелерімен белсенді ынтымақтастық орнатып, үшінші рет жоғары оқу орны БҰҰ-ның Тұрақты даму бойынша "Академиялық ықпал" бағдарламасының жаһандық хабына ие болады. Университетте екі ЮНЕСКО-кафедрасы және БҰҰ бойынша аймақтық ресурстық ақпарат орталығы жұмыс істейді. Жоғары оқу орнының белсенді жұмысының нәтижесі Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтының ашылуы болды. Оның қызметі білім беру, зерттеу және халықаралық іс-шаралар арқылы тұрақты даму саласындағы әріптестікке жәрдемдесуге бағытталған.

Ғалымдар әлемдік қоғамдастықтың жаһандық сын-қатерлерін ұлттық және халықаралық деңгейде шешуге тартылған, жаһандық қылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша тақырыптық семинарлар өткізілуде. ҚазҰУ-да жаһандану мәселелерімен жұмыс істеу жөніндегі халықаралық орталықтар мен институттар құрылған.

Ашита Миталл университет басшылығының шақыртуына алғыс білдіріп, жоғары білім беру және ғылыми-зерттеу потенциалын, инновациялық инфрақұрылым мен студенттерді қазіргі заманғы және болашақтың негізгі капиталы ретінде атап өтті.

Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың, есірткінің заңсыз айналымының, оның ішінде синтетикалық есірткінің, атыс қаруының, киберқылмыс пен адам саудасының мәселелері барлық елдердің БҰҰ мен басқа да халықаралық акторлардың көптеген күш-жігеріне қарамастан бүкіл әлемде өзекті болып қала береді. Осы мәселелерді шешу үшін жетекші ғылыми және білім беру мекемелерімен ынтымақтастық өте маңызды. Сараптамалық деңгейде де өзара іс-қимыл жасау, зерттеулерді, ғылыми жобаларды дамыту қажет.

«БҰҰ-ның ЕҚБ аймақтық басқару кеңсесі студенттер мен оқытушыларға арналған 40-қа жуық оқыту курстарын, тренингтер мен жобаларды ұсынады. Біз ынтымақтасуға дайынбыз», – деді Ашита Миттал.

Кездесу қорытындысы бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді, білім беру бағдарламаларын дамытуды қоса алғанда, Орталық Азияның жетекші жоғары оқу орны ретінде ҚазҰУ әлеуетіне негізделе отырып, сондай-ақ БҰҰ тәжірибесі мен мандаттарын және UNAI принциптерін ескере отырып, көпжақты әріптестікті дамыту шешілді.

Өз тілшіміздің

В КазНУ им. аль-Фараби состоялось вручение дипломов Софийского университета им. Св. Климента Орхидского (Болгария) первым выпускникам-магистрантам совместной образовательной программы «Европа и Азия: культурная дипломатия и геополитика ЕС».

ПРОГРАММА ДВОЙНОГО ДИПЛОМА

Программа была запущена после подписания соглашения о сотрудничестве между Софийским университетом имени Св. Климента Охридского и КазНУ. Проект включает в себя лекции, семинары, мастер-классы, летние, дипломатические школы и стажировки.

В мае текущего года КазНУ посетила делегация Софийского университета, болгарские гости присутствовали на защите магистерских диссертаций первого выпуска.

Данная программа уникальна тем, что открывает перед выпускниками в два раза больше возможностей для реализации профессионального потенциала. Она совмещает в себе исследование культурных аспектов народов и политическую основу развития международных отношений. Выпускники приобретают навыки, связанные с культурной дипломатией и коммуникациями.

«Introduction to High Energy and Accelerator Physics» жоғары энергия физикасы мен жылдамдату техникасы бойынша кезекті жазғы мектеп өтті

ОТКРЫТИЕ ЦЕНТРА МУХАММАДА АЛИ ДЖИННЫ

В КазНУ имени аль-Фараби состоялось открытие Центра Мухаммада Али Джинны. Мероприятие организовано факультетом востоковедения при поддержке Посольства Исламской Республики Пакистан в Казахстане.

Мухаммад Али Джинна – известный политический деятель Пакистана, являющийся основателем национальной государственности и одним из активных участников раздела Британской Индии.

На открытии Центра присутствовали ректор университета, академик Ғалым Мутанов, профессорско-преподавательский состав факультета востоковедения и пакистанская делегация в лице Чрезвычайного и Полномочного Посла Исламской Республики Пакистан в Казахстане Имтиаза Ахмад Кази, коммерческого консула Басит Салим Шаха, министра энергетики и нефти Омара Аюб Хана, президента Ассоциации KAZ-PAK Хабиба ур Рахмана и председателя правления Национального банка Рафика Мухаммада.

Ректор КазНУ Ғалым Мутанов отметил, что Казахстан и Пакистан связывают многолетние партнерские и дружеские отношения. Он выразил уверенность в том, что Центр Мухаммада Али Джинны, призвавшего в свое время построить отдельное государство для индийских мусульман, является уникальным событием.

«В феврале 1992 года во время официального визита Елбасы Н.Назарбаева в Пакистан между странами были установлены дипломатические отношения. Этот важный шаг способствовал открытию на факультете востоковедения отделения урду, официального языка Пакистана. С того времени в университете было подготовлено более 50 специалистов. В настоящее время данный предмет на кафедре Ближнего Востока и Южной Азии изучают порядка 10 студентов», – отметил ректор КазНУ.

Продолжается сотрудничество факультетов университета с научными учреждениями и известными деятелями науки Пакистана. Так, в прошлом году КазНУ посетили директор Международного центра химических и биологических наук Университета Карачи, профессор Мухаммад Икбал Чаудхари, ученый Ахмад Хан Ашик и многие другие.

Совместный проект КазНУ и Международного центра химических и биологических наук университета Карачи – научная лаборатория инновационных исследований - реализован при содействии Комиссии по науке и технике для устойчивого развития стран Юга COMSATS. Центр проводит фундаментальные исследования, направленные на производство эффективных фитопрепаратов. Более 20 сотрудников КазНУ прошли здесь научную стажировку. В результате исследовательских работ были написаны три докторские, защищены 10 кандидатских и три PhD диссертации. Итоги научных трудов опубликованы в специализированных журналах Thomson Reuters Scopus, Chem.Pharm, Bul, Planta Med, Journal Ethnorpharmacology.

Три магистранта КазНУ прошли научно-исследовательскую стажировку в Международном центре города Карачи, а на факультете биологии и биотехнологии КазНУ обучается один пакистанский PhD докторант.

Посол Имтиаз Ахмад Кази поблагодарил коллектив КазНУ за оказанное внимание. Он подчеркнул, что открытие Центра выведет сотрудничество между странами на качественно новый высокий уровень и позволит эффективно интегрироваться в мировое научно-образовательное сообщество.

Соб. корр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Цукуба университеті (Жапония) «Кампустағы Кампус» жобасы аясында ынтымақтастықты кеңейтуде. Мұндай келісімге ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов жапондық ЖОО делегациясын бастап келген вице-президент Каролина Бентонмен кездесуі барысында айтылды.

ҚАЗҰУ – ЦУКУБА: «КАМПУСТАҒЫ КАМПУС»

ҚазҰУ ректоры Күншығыс елінің қонақтарын қарсы ала отырып, оларды университеттің жетістіктерімен, ғылыми-білім беру және инновациялық қызметімен таныстырып, олардың арнайы келген іс-сапары үшін алғыс білдірді. «Жапония Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктесі. Жыл сайын ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық белсенді дамып, екі достас елдердің жоғары оқу орындары көптеген бағыттар бойынша өзара байланыс жасайды. Солардың бірі ғылыми-білім беру қызметіндегі серіктестікте кең мүмкіндіктер ашатын «Кампустағы кампус» жобасы болып табылады», – деді ҚазҰУ ректоры.

Кездесу барысында тараптар университеттер арасындағы коллаборация жоспарын талқылады. Ғылыми жобаларды бірлесе жүзеге асыру, қос диплом бағдарламасы бойынша мамандар даярлау, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейту туралы келісімге қол жеткізілді.

Өз кезегінде жапон делегациясының басшысы және жаһандық мәселелер жөніндегі вице-президент Каролина Бентон ҚазҰУ-дың халықаралық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге ие Қазақстандағы ең беделді жоғары оқу орны болып табылатынын атап өтті. «Бұл біздің үшінші сапарымыз. Біз ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және тереңдетуге мүдделіміз. Бұл үшін барлық алғышарттар мен мүмкіндіктер бар. Бізге ҚазҰУ кампусы өте ұнады. Біз факультеттерді аралап, оқытушы, ғалымдармен кездестік. «Кампустағы Кампус» жобасы біздің университеттердің әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді», – деді жапониялық қонақ.

Кездесу соңында тараптар бірлескен жұмысты белсенді жалғастыруға ниетін білдіріп, Ғалым Мұтанов Цукуба университетінің әріптестеріне ағымдағы жылдың қыркүйек айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтетін QS Worldwide әлемдік форумына қатысуды ұсынды.

Өз тілшімізден

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ыстамбұл университетімен бірлесе отырып, III Халықаралық «Еуразияның ғылым мен техника пионерлері» симпозиумы Ыстамбұл Еуразиялық қолданбалы және ғылыми-зерттеу Фараби Орталығында өз жұмысын бастады (FAMER).

Шараға Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Молдова, Болгария, Ресей, Оңтүстік Корея және Үндістан елдерінен 80-нен астам ғалымдар, сарапшылар мен мамандар қатысуда.

Халықаралық симпозиумның ашылуында Стамбул университетінің ректоры профессор Махмут Ак, FAMER директоры Абдуллах Қызылжық құттықтау сөз сөйледі. Пленарлық отырыста Түрік әлемдік зерттеулер қорының өкілі Ибрахим Акыш, Ыстамбұл университеті әдебиет факультетінің деканы, профессор Хаяти Девели, Түркияның Еуропа Кеңесі Ұлттық делегациясының мүшесі Фатим Ганч пен тағы да басқа тұлғалардың баяндамалары тыңдалды.

Үш күнге созылатын симпозиум бағдарламасында пленарлық отырыс, Еуразиялық кеңістіктің тарих және филология ғылымын дамыту мәселелері бойынша арнайы секциялар мен дөңгелек үстелдердің жұмысы, сондай-ақ кездесулер, түркі халықтарының мәдениет орталығы мен Ыстамбұлдың тарихи және мәдени көрнекті орындарына бару жоспарланған.

Осы жылы симпозиум аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының қатысуымен екі ірі іс-шара өткізіледі. Стамбул университетінің қазіргі түркі тілдері кафедрасының профессоры Ораз Сапашевтің ұйымдастыруымен белгілі ғалым Сәрсенбай Аманжоловтың 85-жылдығына арналған жыл сайынғы Халықаралық Аманжолов оқулары өтеді. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы профессор Меңдігүл Ноғайбаеваның жетекшілігімен «Орта Азия тарихи зерттеулері» атты дөңгелек үстел өтеді.

«Жылдан жылға елдердің географиясы мен симпозиумға қатысушылардың құрамы кеңейіп келеді. Келесі жылы біз оны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп Ұлы Түркі ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабиді оның туғанына 1150 жыл толуына орай әртүрлі елдердің 100-ден астам ғылыми қоғам өкілдерінің қатысуымен өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді FAMER директоры Абдуллах Қызылжық.

«Жаһандану әлеуметіндегі түркілерді діни сәйкестендіру» іргелі жобалық зерттеу аясында «Ислам контексіндегі Түркі әлемі» атты бірінші халықаралық симпозиум 2017 жылы шілде айында өтті. Осы жылы халықаралық іс-шара ірі түрік шығыстанушы, профессор Фуат Сезгинді еске алуға арналған. «Еуразияның шығыстану және түркітану зерттеулері» атты екінші симпозиум 2018 жылдың жазында өтті.

В целях развития сотрудничества в области медицины состоялся визит делегации канадского университета МакГилл в КазНУ

ҚАЗҰУ АРЫС БАЛАЛАРЫНА ЫСТЫҚКӨЛДЕ ДЕМАЛЫС ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың келбеті көз тартар Ыстықкөл жағасындағы спорттық-сауықтыру лагеріне Арыс қаласының 50 бүлдіршіні демалуға келді. Таңғажайып табиғат пен саф таза ауа және көркемдігі көз сүріндірер «Қырғызстанның інжу-маржаны» аясында оларды алдағы уақытта ұмытылмас демалыс күтеді.

ҚазҰУ әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету мақсатында Арыс қаласының оқушылары үшін білім беруді дамыту, бос уақытын тиімді өткізу, сауықтыру-оңалтудың кең көлемді бағдарламасын дайындады. Аталмыш бағдарламалар аясында балалар коммуникативтік қабілеттерін дамыту, қоғамдық ортада сәтті әлеуметтену, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша қызықты тренингтерге қатысады.

Терапияның түр-түрі (арт-терапия, ертегі, ойын терапиялары) және спорттық сайыстар, театр қойылымдары мен алау жанында жаңа достармен отырып ән шырқау, көңілді жаттығулар және би кештері, шығармашылық және танымдық іс-шаралар – осының бәрі кәсіби психологтар мен әлеуметтік педагогтардың ұйымдастыруымен өтетін болады.

Ұзақ жолдан шаршаңқы жеткендеріне қарамастан, лагерьге табан тіреген сәттен бастап балалар Ыстықкөлдің ертегідегідей көрінісіне, тамылжыған табиғатына тамсанып, мәре-сәре болды. Көбісінің бұл жерге алғаш келуі. Сондай-ақ көлдің жанға жайлы жағалауында екі апта естен кетпес демалыс өткізетіндері балалардың қуанышын еселей түсті. Таза ауа, суы мөлдір көл оқушыларға шаттыққа толы ғажайып сәттер, достар мен қамқор ұстаздар арасындағы күндерден тәтті естелік сыйлары сөзсіз.

«Балалар лагерь өміріне бірден бейімделіп кетті. Мұнда оларға өте қызықты. Төтенше жағдайдан соң балаларға демалыс өте қажет екені белгілі. Сондықтан біз балалардың демалысын ұйымдастыруға шешім қабылдадық. Қазіргі біздің басты мақсатымыз – орын алған оқиғадан балалардың назарын аудару. Олардың лагерьдегі күндерінің ең қызықты әрі пайдалы өтуіне бар күш-жігерімізді салатын боламыз», – деді ҚазҰУ спорттық-сауықтыру лагерінің директоры Талғат Дүйсембаев.

Қазақстандық жетекші университеттің арыстық балаларға арналған тегін демалысты ұйымдастыруы – Қазақстан халқының қиын жағдайда қалғандарға әрдайым қолдау көрсетуге дайын екендігінің тағы бір дәлелі. Айта кету керек, бұрын ҚазҰУ-дың мыңдаған ұжымы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен отандастардың қайғысына алғашқылардың бірі болып үн қатқан болатын. Университет ғалымдары, оқытушылары мен қызметкерлері бір ауыздан материалдық көмек көрсетіп, қала тұрғындарына бір күндік жалақысын аударды.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ-да Назарбаев Университеті, «National Laboratory Astana» ЖМ және «Аккумулятор институты» ЖШС-нің бірлесе ұйымдастыруымен «Наноматериалдар мен дамыған энергия сақтау жүйелері» (INESS-2019) бойынша 7-ші халықаралық конференция өтті.

INESS ЖИЫНЫ

Шарада Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Канада сынды алыс жақын шетелден жиналған ғалымдар бүгінгі күндегі материалтану, нанотехнология, экология, жаңартылатын энергия көздері мен энергия сақтау жүйелері саласындағы негізгі мәселелерге мән беріп, өз ойларымен бөлісуде. Сондай-ақ жиынға қатысушылар инновациялық наноматериалдар; энергияны сақтаудың және конверсиялаудың инновациялық жүйелері; электрохимиялық датчиктер мен электроаналитикалық қосымшаларға арналған материалдар; батареялардың қауіпсіздігі мен жойылуы; электр көлігі мен тұрақты энергияны сақтауға арналған батареяларды жасау; материалтану және энергияны конверсиялау жүйелеріндегі модельдеу құралдары сынды тақырыптарды талқыға салып, өзара тәжірибе алмасуда. Елімізде 2013 жылдан бері дәстүрлі түрде өтетін INESS конференциясы биыл тамыздың 9-на дейін жалғасты.

Өз тілшімізден

ЛЕТНЯЯ ШКОЛА НА ИССЫК-КУЛЕ

Факультеты журналистики вузов Центральной Азии собрались на Иссык-Кульском побережье в рамках Летней школы «Глобальные коммуникации и национальные медиа: эффективный доступ гражданам».

Мероприятие посвящено 85-летию факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби и 25-й годовщине общественно-политического еженедельника «Túrkistan», при поддержке Департамента глобальной коммуникации ООН РК.

Летняя школа журналистики и коммуникации стала медиаплощадкой журналистов и ученых из Центральной Азии. С докладами о влиянии СМИ выступили представители Узбекистана, Каракалпакии и Кыргызстана. «Информационное пространство тюркоязычных стран уникально, и имеет разнообразный опыт» - отметила Якутхон Маматова, профессор журналистики Узбекского Национального университета им. Мирзо Улугбека.

Куат Ауесбай, главный редактор газеты «Túrkistan» прочитал лекцию о менеджменте в прессе, приведя примеры из казахстанских СМИ. Важность предоставления точной информации обсуждалась в ходе доклада Ахмета Омирзака об этике общественного мнения и мастер-классе по доступу к объективной информации. Анализ тенденций развития гражданской журналистики был представлен в мастер-классе Бейбита Токтарбая. Опытом социальной журналистики поделилась в своей лекции Динара Мынжасаркызы.

«Нет никаких препятствий для создания Центрально-азиатского хаба журналистики» - таковым было единое мнение спикеров встречи.

Высокую оценку факультетов журналистики Узбекистана и Кыргызстана получили представители новых медиа – Жания Абдибек и Айжан Карибаева. Были достигнуты договоренности с ведущими профессионалами деловой журналистики для совместной работы над научными исследованиями, новыми образовательными программами и разработками их практических основ.

Делегация Узбекистана высоко оценила опыт контент-менеджера Ескали Томирис в производстве инфографики, дизайна и лонгрида на молодежном портале massaget.kz, который стал новым шагом в школе журналистики.

Следующая встреча факультетов журналистики вузов Центральной Азии пройдет в Ташкенте в рамках Года Казахстана в Узбекистане.

Соб. корр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Әйгерім Құралова, Назерке Нышанбай және Венера Аманқұл Корей үкіметінің грантын жеңіп алды.

КОРЕЙ ЕЛІНДЕГІ ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Қыздар Keimyung University жазғы мектебінің жұмысына қатысады. Бағдарламаның мақсаты жаһандық қоғамды дамытуға, елдер арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосатын болашақ көшбасшыларды анықтау болып табылады.

Экономика, сауда және бизнесті дамыту тақырыбына арналған жазғы мектеп Орталық Азияның ең талантты студенттерін жинайды. Олар 5 апта бойы жетекші Оңтүстік Корея университетінің академиялық тренингтеріне қатысады.

Keimyung University Оңтүстік Кореяның ұлттық рейтингісінде үнемі жоғары орындарға ие. Бүгінгі таңда жоғары оқу орны Тэгу қаласының әртүрлі аудандарында орналасқан үш кампусы және18 факультеті бар.



ҚазҰУ-да «Inverse Problems in Finance, Economics and Life Sciences» халықаралық ғылыми конференциясы өтті

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

ҚАЗҰУ ЖАСТАРЫ ӨР АЛТАЙДА

Шығыс Қазақстан облысында республикалық «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі, «Шығыс Ақпарат» медиахолдингі, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің қолдауымен «Киелі Алтай: Берел-2019» атты республикалық фото блог-тур өтті. Оған ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері, жас ғалымдары қатысты.

Экспедиция мүшелері бірінші күні Өскемендегі Этноауыл саябағымен танысты. Кешен Ертістің сол жақ қанатына орын тепкен. Бірегей кешендегі саяхаттан соң, Өскеменнің «Композиторлар аллеясында» шығыстағы фотоөнерге қызығушы жастардың қатысуымен «National Geographic Qazaqstan» журналының шеф-фотографы Ерболат Шадрахов пен «Егемен Қазақстан» газетінің ардагер фототілшісі Нұрманбет Қизатұлы және басқа да кәсіби фотографтардың жүргізуімен шеберлік сағаты өтті. Белсенді қатысып, фотографияға қатысты сұрақтарға дұрыс жауап берген көрермендерге «Фотоөнер» ҚБ-нің атынан сыйлықтар табысталды.

Фотоөнерге қызыққан жастардың басын қосып, шығысқа жол бастап барған республикалық "Фотоөнер" қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің оқытушысы Асылхан Әбдірайым: "Биыл Қазақстанда «Жастар жылы» деп жарияланған болатын. Осы бастамаға орай «Киелі Алтай» фотоэкспедициясымен келіп отырмыз. Бұл жердегі қатысушылардың басым көпшілігі жас фотографтар. Оның ішінде, соңғы кездері көпшілік ортасында, әлеуметтік желіде танымал болып жүрген- талантты жастар да бар.

Біздің мақсатымыз–шығыс өңірінің киелі жерлерін, атап айтқанда «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайын жас фотографтардың көзімен түсіріп, болашақта – Өскеменде, Семейде, Алматыда фотокөрмеге қоюға, әрі осы өңірдегі туризм саласына үлес қосу, атсалысу, насихаттау жұмыстарын жүргізу. Бір сөзбен айтқанда, осындай табиғаты керемет тарихи жері бар өңірді елімізге және әлемге

таныстыр», – деп атап өтті.

«Катонқарағай» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі Австриялық тас жолына жеткенше, фото блог-тур мүшелері Тарғын, Сарыбел, Үлкен Нарын сынды ауылдарды басып өтті. Алтай таулары сияқты үлкенді-кішілі өзендер мен елді-мекендерді, таулы шатқалдар мен асуларды да артқа тастады.

Шараға қатысқан ҚазҰУ-дың философия және саясттану факультетінің докторанты Досжан Балабекұлы: «Берел – тылсымға толы мекен. Екі дәуірдің құпиясын жұтқан обалар. Патшалар алқабы. Жан-жағын қоршаған таулар. Сарқырап, күркіреп аққан асау өзендер. Қалың ормандар. Мұның барлығы біз әлі толық біле бермеген Берелдің сиқырлы жаратылысы. Сондықтан, бұл жермен танысу үшін еліміздің әр нүктесінен белсенді жастар жиналды. Мақсат–Берелдің туризмге таптырмайтын тарихи орын екендігін айшықтайтын, кәсіби суреттер түсіріп, көпшілікке таныстыру жұмыстарына бір кісідей атсалысу болатын»,- деп ерекше орындағы әсерімен бөлісті.

Бұл сапар тарихты да, табиғатты да қатар қамтыды. Төртінші күнгі сапар атақты Мұзтаудың етегіндегі Қаракөл көліне саяхаттаумен жалғасты. Сапар таң ата басталды. Бірінші болып, уақыт кестесіне сәйкес топ мүшелері «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде бас қосты. Ол жерде сапарға қатысушылар музей басшылығының марапаттауына ие болды.

«Киелі Алтай: Берел-2019» фото блог-турының соңғы күнінде қатысушылар Катонқарағай ауданының елді-мекенін аралап шықты. Бұл күн сапарды қорытындылау болғанымен де, фотографтар үшін нағыз жұмыс күніне айналды. Өйткені, аудан аумағы тұнып тұрған тұмса табиғат. Сондықтан, кез - келген нүктеден сурет түсіріп қалу маңызды.

Аталған күні «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қызметкерлері «Фотөнер» ҚБ-нің мүшелеріне бір апта ішінде бауыр басып қалғандай. Қимай қоштасты. Барлық уақытта есіктері ашық екенін де жеткізді. Олардың жұмысына сәттілік тілеп, күзде өтетін фотокөрмені тағатсыздана күтетіндіктерін айтты.

Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕГІ

Алматы-Өскемен-Катонқарағай-Берел-Қаракөл-Берел-Катонқарағай-Өскемен-Алматы

ЖАСТАР БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық жастар күнін атап өтті.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1999 жылдың 17 желтоқсанында бекіткен халықаралық жастар күні жыл сайын 12 тамызда бүкіл әлем бойынша аталып өтіледі. ҚазҰУ БҰҰ Тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бастамасының UNAI Ғаламдық Хабы болып табылады.

2019 жыл Қазақстанда Жастар жылы деп жарияланды. Жас ұрпақты кешенді қолдау бүгінде мемлекеттік саясаттың басымдығы болып табылады. Негізгі міндеттердің қатарында жастардың білімге қол жеткізуін жақсарту, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, қолжетімді тұрғын үй, кәсіпкерлік қызметті дамыту және қаржылық сауаттылықты арттыру басты назарға алынып отыр.

ҚазҰУ-дың Жастар күнін мерекелеу аясында «My vision of Sustainability» фото және бейне бақылауы жарияланды. Конкурстық жұмыстардың тақырыптары БҰҰ-ның кедейлікті жоюға, ғаламшардың ресурстарын сақтауға және әл-ауқатты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жастар саясаты мен оның негізгі аспектілеріне бағытталған тұрақты дамудың 17 мақсаттарының бағдарламасына арналуы тиіс.

Жұмыстарды тапсыру мерзімі 1 қазанға дейін қабылданады. Байқау нәтижелері 2019 жылдың 24 қазанында жарияланады.

academic impact IN ACTION Sharing a Culture of Intellectual Social Responsibility

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

Жұмыстарды abaisadu@gmail.com электронды поштасына жіберу керек
Барлық сұрақтар бойынша 8 7778120097 тел. нөміріне хабарласыңыздар

В КазНУ прошел международный семинар «Центральная Азия на перекрестке европейских и азиатских политических интересов»

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІ

2019 жылдың 26 тамыз күні Қоғамдық марапаттау жөніндегі Республикалық кеңес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - дың заң факультетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арықбай Нүсіпәліұлы Ағыбаевты «Ұлт қайраткері» құрметті атағымен марапаттады. Кеңес төрағасы М. Тоқашбаев, А. Ағыбаевтың құнды ғылыми еңбектері мен елімізге сіңірген ерекше еңбек жолына баға беріп, ғалымның осындай аталмыш марапатқа ие болуы заңдылық екенін атап өтті.

ТҮРКІСОЙ ЖОБАСЫ

Түркия мен Әзірбайжаннан келген ғалымдар мен студенттер «Қорқыт атаның ұмыт қалған сөздерін жаңғырту» бағдарламасы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болып қайтты.

Анкара университетінің (Түркия) профессоры Учлер Булдуктің пікірінше, жобаның негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты Қазақстанның киелі және туристік орындарымен таныстыру мақсатында фильм жасау, бұл Әбу Насыр әл-Фараби, Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари сияқты және т. б. Қазақстан мен Шығыстың атақты ойшылдары мен ғалымдарының тарихи орындарына, еңбектеріне және жазбаларына деген қызығушылығын арттырады.

ҚазҰУ-ға келген кезде Кавказ университетінің (Әзірбайжан) студенті Сабыр Хусейнов жылы қарсы алып және қолдау көрсеткені үшін университетке алғысын білдірді. «ҚазҰУ – өте үлкен және керемет университет, Орталық Азиядағы ең үздік университет, мұнда ғажап адамдармен танысып, жаңа достар тапқаныма қуаныштымын. Қазақ жері біз үшін әлі толық зерттелмеген және ол өзінің киелі жерлерімен қызықты. Бұл фильм үшін өте құнды ақпарат», – деді ол.

Сондай-ақ, қонақтар осындай жобалардың арқасында болашақта Түркі елдері мен студент жастар арасында тығыз байланыс орнатылатынын атап өтті.

ТҮРКІСОЙ жобасын Түркия, Әзірбайжан, Иран, Өзбекстан университеттері, Түркіменстан Ұлттық Ғылым Академиясы қолдады. Құрамында отыз бес адам бар топ Шымкент және Түркістан қалаларына барады.

Баспасөз қызметі

Как вы знаете, Издательский дом «Қазақ университеті» при КазНУ им. аль-Фараби является лидером на рынке Казахстана по выпуску учебной литературы.

АКЦИЯ НА УЧЕБНИКИ

В придверии нового учебного года в книжных магазинах издательства проходит акция для всех студентов, преподавателей и сотрудников КазНУ – весь сентябрь действует 25%-ная скидка на все учебники и учебные пособия, изданные в «Қазақ университеті».

В книжных магазинах AL-FARABI BOOK STORE, а также в интернет-магазине magkaznu.com вы сможете найти отличную подборку учебников и учебных пособий по самым разным темам и дисциплинам. Это новые учебники, отвечающие современным реалиям. Авторами являются профессорско-преподавательский состав университета, а содержание книг соответствует утвержденным учебным программам вузов Казахстана.

Не упустите возможность приобрести учебники по выгодной цене весь сентябрь, чтобы быть готовым к новому учебному году.

По всем вопросам приобретения книг обращайтесь по телефонам: +7 707 594 59 48, call-центр: +7 (727) 377-33-99, внутр. 16-07.

Книжный интернет-магазин: magkaznu.com

Сайт «Қазақ университеті»: https://magkaznu.kz/

Адреса книжных магазинов Al-Farabi Book Store:

1.Проспект аль-Фараби, 71, Центр обслуживания студентов «Керемет», цокольный этаж

2.Ул. Карасай батыра, 95

Гаухар ЖОЛЫМБЕТ,
маркетолог Издательского дома «Қазақ университеті»

ҚАЗҰУ КАМПУСЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

ҚазҰУ-да студенттік қалашықтың аумағын абаттандыру жұмыстары жалғасуда. 18 мың ш. м. жолдың асфальты жаңартылды, 2 мың ш. м. жаяу жүргіншілер тротуарына түрлі-түсті табиғи тастар төселді. Биылғы жылы жасыл желектерді отырғызуға және гүлзарларды бөлуге көп көңіл бөлінді. Ландшафтық дизайн бойынша жұмыстар 97 пайызға аяқталды.

Қыркүйек айында өтетін QS халықаралық форумына дайындық аясында «Әл-Фараби» кітапханасында техникалық құрал-жабдықтарды жаңарту жұмыстары жүргізілді. Университет аумағындағы ландшафтық жұмыстар және «Аквапоника» су-саябақ аймағындағы құрылыстың екінші кезеңін өндірістік қамтамасыз ету департаменті аяқтады. Сондай-ақ бірқатар ғимараттарды декоративтік қаптау жүргізіліп, технологиялық парк аймағында баламалы энергетика жүйесінің схемалары пайда болды. Жақын арада студенттік қалашықта лайтбокс орнату және ақпараттық тасымалдаушыларды жаңарту жоспарлануда.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор: *Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ*
Тілшілер: *Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА*
Фототілші: *Марат ЖҮНІСБЕКОВ*
Корректор: *Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА*

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1306

● Жарияланған мақалалардағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.